

Г.С. ИСАЕВА

КИІЗ ҮЙДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Еуразия даласында көшпенділер б.з.б. екі мыңжылдықта жайылымдық малшаруашылығын жетілдіру негізінде қалыптасты. Көшпенділер тайпалық одақтар құрылған кезден бастап өнім өндіру шаруашылығы ретінде орнығып, эволюциялық жолмен дами бастады. Олар уақыт пен кеңістікті игеруі, танып түсінуі нәтижесінде көшіп-қонып, табиғаттың қолайлы белдеулерінде орналаса отырып, мәдениет пен климат ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген. Қатал даланың табиғатын танып түсіну, оның ішкі заңдылықтарын терең білу — мұның бәрі көшпенділер мәдениетінің маңызды жақтарын көрсетеді. Көшпелі тұрмыс адамдардың белгілі бір парасаттылық, ізгілік, ұстамдылық, жоғары сезімталдық қабілеттерін шындай түсті. Кеңістікпен үйлесімді дамыған мәдениет адам мен табиғаттың арасында нәзік үндестікті білдіретін дәнекер қызметін атқарды. Көшпелі қоғамның тіршілік етуінің көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығы болуы олардың дүниетанымына шешуші әсер етті. Табиғатты игере отырып, олар күнделікті тіршіліктегі іс-әрекетін бейнелейтін алуан түрлі дәстүрлі әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді, қарапайым түсініктерді жетілдірген. Ертедегі көшпенділер дүниетанымының негізі — көк аспан, шексіз әлем болды. Көшпелі өмір, төрт түлік мал, жер-ана барлығы жинала келе көшпенділердің материалдық игілігін, дүниетанымын қалыптастырып, төл мәдениетін жасады. Уақыт пен кеңістікті игеру арқылы Көкке тән, әрі тұрмысқа қажетті алғашқы астрономиялық, ғарыштық талғам-түсініктер орнықты. Көшпелі өмір салты жас буынға төлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкеліп, жас адамның ел-жұртқа жағымды моральдық-психологиялық нормаларын белгіледі. Көшпелі өмір тіршілігіне сай қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш, ат үстіндегі алыс сапарларды қайыспай көтеретін дала перзенттері, жан дүниесі жағынан да шыңдалған, қоғаммен үйлесімді, қауыммен етене жақын, жан-жақты жетілген адамдар қалыптасты. Көшпенділер кейінгі ұрпақтарына сан ғасырларға созылған тарихи-әлеуметтік дамуы барысында жетілдірген, төлтумалық материалдық игіліктерді дүниеге әкелді.

Мал өсіру маусымдық кәсіппен шаруашылықтың тұрақты формасына айналғаннан кейін, көшпенділер үшін тіршілік тірегі болып табылатын мал төрт маусымда даланы жайлай көшкенде, табиғаттың тылсым сырына төтеп беретін баспана қажет болды. Осы тұста көшпенділердің негізгі баспанасы — киіз үй пайда болды. Киіз үйдің бір жағынан көшіп қонуға ыңғайлы, жеңіл болуы ескерілсе, екінші жағынан даланың шаңы мен құмын аспанға атып, ышқынып соққан дауылы мен боранына қарсы тұрарлықтай аса берік болу жағы да көзделген. Сондай-ақ киіз үй — дала тұрғындарының ұсақ-түйек заттары мен күндізгі күннің қайнаған ыстығы, түннің салқындығы және көктем мен күздің үздіксіз төккен нөсерлі жаңбырына, қыстың қақаған аязына да төтеп берді. Көшіп-қонуда салмағының мейлінше жеңіл болуы, тез тігіліп, тез жығуға қолайлы болуы архитектуралық жағынан мындаған жылдардың тәжірибесі нәтижесінде шешілген.

Ежелгі көшпенділер деп саналатын халықтың баспанасы — киіз үй туралы ғалымдар ерте заманнан бері тамсана жазып, оны әр қырынан айттып келеді. Олардың бірқатары үйдің құрам-құрылыстарын сөз етсе, екіншілері киіз үйдің қасиеті, кереметі жайында әңгімеледі, ал үшінші біреулері оның салт-дәстүрмен, халықтың тұрмыс тіршілігімен тығыз байланыста екендігін айтады.

Алайда жеке ғалымдардың зерттеулерінен бұрын ерте замандарда киіз үйдің бейнесі қорғандарда, ескі діни жазбаларында кездеседі. Мәселен, ең көне заттық деректер ретінде Алтайдағы Пазырық және Монғолиядағы Ноин-улин қорғандарында жүргізілген қазба жұмыстарынан шыққан киіз үй үлгілерін айтуға болады. Киіз үй Қырымдағы Анфестерий мазарының қабырғасындағы жазбаларда, Оңтүстік Сібірдегі Бояр діни жазбасының петроглифтерінде (писаница) бейнеленген.

Ортағасырлық мұсылман жазушылардың жазбаларынан қазақ даласындағы киіз үйдің әр қырынан суреттелгенін байқаймыз. IX ғ. өмір сүрген әл-Якуби түркілердің ағаштан жасалған үйлерінің киізбен жабылатынын айта келіп, көшпелі түркілер жайында былай дейді: “Олар киізді дайындауда ең шебер халық, өйткені одан киім де жасайды”. Ал ибн-Фадлан болса, көш-

пенділердің жеріндегі саяхаттарының бірінде, Ембі өзенінің жанынан өткенде: “Мен күні бойы түркілердің күмбез тәрізді киізбен жасалған үйінде болдым” — деп жазды [1, 1-2].

XIII ғасырдан бері киіз үйдің сыртқы бейнесін сипаттайтын көптеген Еуразия даласындағы пиктографиялық және иконографиялық материалдар Орта Азия, Иран, Түркия миниатюралары мен Қытай суретшілерінің туындыларында кездеседі. Король Энрико III Кастильскийдің елшісі Рюи Гонсалес де Клавихо Орта Азиядағы Әмір Темірдің салтанатты киіз үйлерін егжей-тегжейлі суреттеп, түрлі қырып айтып өтеді, мәселен киіз үй көшпелі малшылардың үйі, жауынгерлердің жорықта тоқтайтын шатыры, әміршілердің қала сыртындағы ордасы ретінде түсіндіріп береді [2, 30-36].

Киіз үйдің салтанатты түрі — екі дөңгелекті арба үстіндегі баспана (күйме) қазақ даласында XVII ғ. дейін қолданыста болды. В.Рубрук, Плато Карпини [3], Марко Поло сияқты ортағасырлық саяхатшылардың еңбектерінен қазақ даласындағы арбалы киіз үйді сипаттағанын кездестіреміз [2, 45]. В.Рубрук қаңлы-қыпшақ жерінен өткенде, олар киіз бұйымдарының бетіне жекелеп салынған аңдар мен құстардың, ағаштар мен жүзім сабақтарының бейнесі жарасып, үйлесімді салынғандығын баяндай келе, қаңлы-қыпшақтар өздерінің үйлерін тек ақ киізбен жабатынын, сондай-ақ ол киіз жарқырап ағарып тұруы үшін ақ топырақ пен өкті немесе сүйектің күйдірген ұнтағын дымқылдатып сіндіретіндігін айтады [3; 24].

XVIII ғ. басында қазақ халқының тарихында үлкен өзгеріс басталды. Бұл өзгеріс Ресей патшалығының құрамына Кіші жүз бен Орта жүздің кіруімен байланысты болды. Қазақстанның Ресейге қосылу процесі XIX ғ. ортасына дейін созылды. Осы тұста Ресей патшалығының тарапынан қазақ өлкесін тарихи-археологиялық, этнографиялық, ғылыми-танымдық зерттеу қарқынды түрде жүргізіліп, онда ғылыми-елшілік сипаттағы экспедициялар жайлап кетті. Сол экспедициялардың құрамында көшпенділер тіршілігінде пайда болып, қазақ даласында дамып жетілген киіз үйдің өзгеше құрылысы және оның мәдени тұрмыстық мәніне қызыққан ғалымдар аз болмады.

Зерттеу отрядының басшысы саяхатшы және табиғат зерттеушісі И.Г.Георги 1779 жылы шыққан “Ресей мемлекетін мекендейтін барлық халықтардың жазбасы” атты кітабында қазақ дала-

сындағы жылжымалы баспананың мыңға тарта шоғырланып жайылған ауылды айтып өтеді [4, 131]. Ал 1816 жылы Нұра өзенінің бойында тау-кен инженері И.Шангин 4000-ға жуық киіз үйдің жайылып жатқанын айтады [5, 3]. Атақты поляк жазушысы Адольф Янушкевич Қарқаралы округіне жер аударылған кезінде қазақ даласындағы тіршілікті тамсана суреттеп, Орталық Қазақстанның таулы аймағында, жазық даласында орын тепкен мындаған киіз үйлерді аралағанын өзінің күнделік-хатында жазып кетеді [6].

XVIII-XIX ғғ. киіз үйдің ішкі және сыртқы көрінісін жоғарыда айтып өткен экспедициялардың құрамында болған мекен-жайлардың топографиялық бейнесін, картографиялық сызбаларын түсіретін суретшілердің және сол замандарда қазақ даласына жер аударылып келген суретшілердің салған бірнеше туындыларынан байқауға болады. Атап айтқанда, Қазақстанда болған алғашқы графиктердің бірі ағылшын Д.Кэстльдің «Кэстль ханның қабылдауында» (1736), қазақ даласына саяси айдаумен келген поляк ғалымы Б.Залесскийдің «Қазақ киіз үйі немесе қосы» және украин ақыны, өрі суретшісі Т.Шевченконың «Қазақ баласы от жағып отыр», «Қосаралдағы қазақ қоныстары» (1848-1849), қазақ халқы жайлы көптеген картина жасаған, оның тарихы, өмір келбеті, тұрмысы, табиғат эпизодтарын ұқыптылықпен, аса қамқор көңілмен бейнелеген орыс суретшісі В.В.Верещагиннің «Шу өзені бойындағы қазақ костары» (1869-1870), ұзақ уақыт қазақ өлкесімен тығыз байланыста болған А.Д.Кившенконың «Қазақтарда» (1849) т.б. суреттері қазақ тұрмысындағы киіз үйлердің әр түрлілігін көрсетеді [7].

Түркі көшпенділерінің киіз үйіне көршілес қытайлар да әрдайым қызыққан. Қытай мемлекетінің VII-VIII ғасырларында алтын өріппен жазылған Тан хандық кезеңі болған. Бұл Қытайдың жаңа белең кезеңі, өнердің, мәдениеттің қанат жайып, өркендеген дәуірі. Бұған бірден бір себеп қытай елінің көшпенділер мәдениетін мойындауы деп айтуға болады. Түркілердің қаһарынан қорқып Ұлы қамал салған қытайлықтар, енді VII ғасырдың 20-шы жалдарынан дала көшпенділерінің мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен өнеріне еліктей бастайды. Сондай-ақ, қытайларға бөрінен де киіз үй көбірек ұнайды. Кейбір қытайлықтар қыстыгүні киіз үйді ауласына тігіп қойып, сонда тұрады екен. Олар көшпенділер баспанасы сол кездегі қытай үйлерінен әлдеқайда қолайлы екенін мойындаған.

772-842 жылдар аралығында өмір сүрген қытайдың ұлы ақыны Бо Цзюй киіз үйдің қасиетін өлең жолдарымен келістіре суреттеген (өлеңді Н.Гумилевтің орысшасынан аударғандардың бірі — Асқар Егеубаев). Бұл өлеңді «Көгілдір киіз үй» деп атап, түркілер бейнесін білдіретін түр-түсті таңдауында үлкен бір астыртын ой бар секілді.

«Киізіне жүні кеткен мың қойдың,
Шаңырағы қайыңынан күнгейдін.
Әрі берік, әрі ыңғайлы, әрі әсем,
Дей алмайтын ағашына мін қойдым.

Сайын дала оның мекен тұрағы,
Бізде көрсең терістікте тұрады.
Сарбаздармен бірге көшіп сағымдай,
Бір қарасаң түстік жақтан шығады.

Шым жібектен мықты белбеу байлаған,
Қозғалта алсын қандай дауыл, қай боран?
Кірсең жылы, іші қыз-қыз қайнаған,
Көкжиектей дөп-дөңгелек айналған...».

Киіз үй туралы тамаша суреттеулерді “Оғызнама”, “Қорқыт ата кітабы”, “Манас”, “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” және “Қыз Жібек” сияқты көне эпостық жырлардан да көреміз. Бұл шығармаларда оқиғалық желісі шебер келістірілуімен қатар, сол замандардағы халықтың өмір тынысын, тұрмыс-тіршілігін көрсетуде олардың тұрақ жайы, яғни киіз үй де әр қилы суреттеліп отырған. Қазақ халқы ертедегі көшпелі мәдениеттің ең негізгі дәстүрлерін өзіне мұра етумен бірге, оны әрі қарай жалғастырушы ретінде дамытып байытты. Міне, сондай мәдени дәстүрдің белгісінің бірі — көшпелі өмірдің қолайлы баспанасы — киіз үй болды.

Қазақтың этнограф ғалымдары да өз халқының төл баспанасын сөз ете отырып, киіз үйдің кереметін, мән-мағынасын, құрылыс-құрамының өзінде тұнып тұрған халық дүниетанымы жатқандығын әрдайым ауыз толтыра айтады.

Қазақ халқының өмір тынысын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын көп зерттеген, заманынан озып туған белгілі этнограф, өнертанушы ғалым Шоқан Уәлиханов киіз үйдегі қазақ халқының тұрмысын суреттеп, ол туралы құнды пікірлер айтқан. Шоқан XII-XIII ғғ. мемлекеттердің Алтын Орда, Ақ орда, Көк орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты деп есептейді. Сондай-ақ, ол «Орда» сөзінің мағынасы Еуропа ғалымдарының еңбектерінде өрескел бұрмаланғанын айтады [8; 25].

Соңғы жылдары киіз үй туралы көп айтылып келеді. Оның қасиеті, құрылысының мән-маңы-

зы біршама еңбектерге тақырып болды. Академик Әлкей Марғұлан көшпелі халықтың төлту-малық тұрақ жайының тарихын және оның құрам-құрылыстарының қадір-қасиеті туралы зерттеуін 1964 жылғы VII антропологиялық және этнографиялық ғылымдарының халықаралық конгрессіндегі баяндамаға арқау қылды. Сол баяндаманың негізінде «Қазақтың киіз үйі және оның жиһаздары» деп аталатын кітап шығарылды. Міне осы кітап қазақ халқының киіз үйі жайында жазылған алғашқы ғылыми еңбек болды. Халық жазушысы Сәбит Мұқанов 1974 жылы жарық көрген «Халық мұрасы» атты кітабында киіз үйдің құрам-құрылыстарына жеке-жеке түсінік беріп, оның киіздерін дайындау процесін жете түсіндіріп береді.

Сонымен қатар М.Мұқанов, Т.Арынов, Х.Арығбаев, Ө.Жәнібеков, С.Қасиманов, А.Төрбаев, С.Кенжеахмет және т.б. этнограф-ғалымдар көшпенділер тұрақ-жайына жеке еңбектерін арнап, киіз үйдің тарихына көз жібере отырып, оның құрылысындағы әрбір бөлшектерін түсіндіріп, қазақ этнографиясы тұрғысында талдап өтеді.

Киіз үйдің тарихы турасынан зерттеу, этнографиялық жағынан қарастыру қай дәуірдегі болмасын, қай елдегі болмасын ғалымдардың назарынан тыс қалмай келеді. Ал осы киіз үйге қатысты атаулардың лингвистикалық тұрғысында зерттеу де қарқынды дамып келеді. Ө.Тәжімұратов «Киіз үй және оның жиһаздарының атаулары» атты мақаласында киіз үйге қатысты атауларды қарастырып, оларды жеке-жеке талдап көрсетеді [9, 173-192]. Профессор Е.Жанпейісов өзінің «Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауэзова)» атты кітабында киіз үйдің киіз құрамына жататын *түндік*, *үзік*, *туырлық* атауының этимологиясын жан-жақты қарастырады [10, 28-38].

Соңғы жылдары тіл біліміне арналған ғылыми-көпшілік материалдары беттерінде біраз ғалымдар киіз үйдің қыр-сырын ашу мақсатымен, соған қатысты атаулардың пайда болу уәжі, шығу төркіні туралы пікірлерін білдіріп жүр. Ал А.Оқа «Киіз үйге қатысты атаулардың ономасиологиялық жүйесі» атты кандидаттық диссертациясында киіз үй атауларының тарихи-ономасиологиялық жүйесіне тоқталып, оның құрылымдық бөлшектеріне байланысты этнографизмдер мен фразеологизмдеріне зерттеу жүргізген.

Дегенмен халқымыздың өткен өміріндегі тұрмыс-тіршілігінен, өмір-салтынан, дүниета-

нымынан, мәдениетінен мол мәлімет беретін киіз үйге қатысты атаулардың жиналып, ғылыми түрде жүйеленгенімен, көшпелі өмір салтымен күн кешкен өзге туыстас түркі халықтарының тілінде де қалыптасқан сол атаулардың ұқсастығын, біртектілігін қазақ тілімен салыстыра қарастыру мәселесі әлі толық шешімін тапқан жоқ. Зерттеу бағытымыз киіз үйге қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты болғандықтан, алдағы уақытта осы тұрғыда зерттеулер жүргіземіз деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТ

1. *Маргулан А.Х.* Казахская юрта и ее убранство. М.: Наука, 1964. 13-б.
2. Қазақтың киіз үйі. Атырау-London, 2005. 300-б.

3. Путешествие в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы, 1993. 248 с.

4. *Георги И.Г.* Описание всех обитающих в Российском государстве народов. СПб., 1779.

5. *Шангин И.* Извлечение из описания экспедиции, бывшей в киргиз-кайсацкой степи в 1816 г. // Сибирский вестник. 1820. Ч. X.

6. *Янушкевич А.* Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата: Казахстан, 1966.

7. *Ғалиев В.З.* Қазақстан ХІХ ғасыр суретшілерінің шығармаларында. Алматы: Өнер, 2005. 160-б.

8. *Уәлиханов Ш.Ш.* Таңдамалы. 2-басылым. Алматы: Жазушы, 1985. 550-б.

9. *Тәжімұратов Ә.* Киіз үй және оның жиһаздарының атаулары // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1973.

10. *Жанпейсов Е.Н.* Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Луэзова). Алма-Ата: Наука, 1989. 288 с.